

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«ДИНМУХАМЕД ҚОНАЕВ
АТЫНДАҒЫ № 66 МЕКТЕП-
ЛИЦЕЙ» ШЖҚ МКК



ГКП на ПХВ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ
№ 66 ИМЕНИ ДИНМУХАМЕДА
КУНАЕВА» АКИМАТА
ГОРОДА АСТАНЫ

010000, Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі 33/1
Тел.: 8(7172) 50-18-55
e-mail: shl_66ast@mail.ru

010000, город Астана, улица Д.Кунаева 33/1
Тел.: 8(7172) 50-18-55
e-mail: shl_66ast@mail.ru

БҰЙРЫҚ № 434

ПРИКАЗ

03 «08» 2024 ж.

**Баланы жәбірлеудің (буллингтің)
алдын алу жұмыстарын жүргізу туралы**

«Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығы негізінде БҰЙЫРАМЫН:


1. Мектеп әкімшілігі баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және алдын алу жөніндегі қызметті қамтамасыз етсін және білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді, баланы жәбірлеуге (буллингке) нөлдік төзімділік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған білім беру ортасында жағдай жасалсын.
2. Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы мақсатында баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі жоспар бекітілсін және жоспар негізінде төмендегі жұмыстар жүргізілсін:
 - 1) тоқсанына кемінде 1 (бір) рет білім алушылар мен педагогтердің, баланың заңды өкілдерінің жәбірлеудің профилактикасы және жәбірлеудің алдын алу мәселелерінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мүдделеріне қайшы келмейтін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын (әңгімелер, құқықтық жалпыға бірдей оқыту, сынып сағаттары, ата-аналар жиналыстары, сабақтан тыс іс-шаралар және басқалар) жүргізу арқылы хабардар етілсін;
 - 2) оқыту семинарларына (вебинарларға), семинар-тренингтерге, шеберлік сыныптарына, коучингтерге, конференцияларға, форумдарға, панельдік пікірталастарға қатысу арқылы педагогтердің оқу-тәрбие жұмысындағы кәсіби құзыреттілігі арттырылсын;
 - 3) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді, баланың заңды өкілдерін баланы жәбірлеуге (буллингке) жол берілмейтіндігі туралы (жазбаша және ауызша түрінде) хабардар етілсін.
 - 4) Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты жәбірлеу (буллинг) белгілері анықталған жағдайда дереу жұмыс жасалсын;


- 5) Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 4-қосымшадағы нысанға сәйкес (Номативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №20317 болып тіркелген) педагог-психологтің консультациясын есепке алу журналына тіркей отырып, педагог-психологтар М. Мұхамадиярова және Р. Әріпова, әлеуметтік педагог Ж. Амираева тарапынан білім алушылар мен тәрбиеленушілерге әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық көмек көрсетілсін;
 - 6) Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқытары мен мүдделерін сақтау, оларды оқыту, тәрбиелеу, және білім беру ұйымдарында қауіпсіз болу үшін ресурстармен қамтамасыз ету тұрғысынан тәрбие процесі мен білім беру ортасының жағдайларына мониторинг жүргізілсін;
 - 7) Білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы мен болдырмау мәселесін ата-аналар комитетін тарта отырып, қамқоршылық кеңес мүшелерінің отырысында қарастырылсын.
3. 2-тармақтың 1),3),4),5) тармақшалар бойынша Б. Нуртазина мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тарапынан мектеп басшысы Н. Омароваға жүргізілген жұмыс туралы ақпарат берілсін;
 4. Баланы жәбірлеу (буллинг) туралы ақпаратты қабылдау және баланы жәбірлеу (буллинг) белгілерін анықтау және оларға ден қою тәртібі енгізілсін;
 5. Баланы жәбірлеу (буллинг) фактісі туралы ақпарат келіп түскен жағдайда жауапты тұлға мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Б. Нуртазина және М. Есимова баланы жәбірлеу туралы (буллинг) туралы ақпаратты есепке алу журналында тіркесін.
 6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.


Мектеп директоры  Н. Омарова





Таныстым:

Б. Нуртазина 

М. Есимова 

М. Мұхамадиярова 

Р. Әріпова 

Ж. Амираева 



Бекітемін
«Д. Қонаев атындағы
№66 мектеп-лицейі» директоры
©марова Н.Т

2024-2025 оқу жылына арналған
«Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» іс –шараларының жоспары

Мақсаты: Жасөспірім кезеңдегі кездесетін буллингтің, кибербуллингтің айырмашылығын түсіндіру, кибербуллингтің салдарынан туындайтын қиыншылықтың алдын-алу. Буллинг, кибербуллинг туралы ақпаратты кеңейту.

№	Іс шара атауы	Форматы, түрі	Мерзімі	Сыныбы	Жауапты
1.	Мектеп буллингiнiң алдын алу бойынша нормативтi-құқықтық құжаттарды зерделеу	Жоспар құру	қыркүйек	1-11	ТЖО Педагог-психолог Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер
2.	Сынып ұжымындағы жанжалды жағдайлардың алдын алу, сенiмдi қарым-қатынас орнату	Кеңес жұмыстары	қазан	1-11	Психолог Сынып жетекшілер
3.	«Буллинг», «Кибербуллинг дегенiмiз не?» кағидалары	Ақпарат тарату (сайт, желi)	қараша	Оқушылар Ата-аналар	Психолог
4.	«Буллингке тап болған жағдайда баланы қалай қорғаймыз?»	Дөңгелек үстел	қараша	9-11	ТЖО
5.	«Суицидтiң алдын алу басты мiндет»	Сауалнама	қараша- желтоқсан	5-7 8-11	Психолог
6.	«Буллинг және кибербуллингтiң алдын алу»	Тәрбие сағаттары	желтоқсан	1-11	Сынып жетекшілер
7.	Өгей ата – анамен туратын балаларға рейд жүргiзу	Рейд жұмыстары	желтоқсан	1-11	Әлеуметтік педагог
8.	«СТОП, БУЛЛИНГ»	Суреттер байқауы	желтоқсан	1-8	Аға тәлімгер
9.	«Қауіпсіз интернет балалар көзімен»	пікірталас	қаңтар	7-9	Дебат жетекшісі
10.	«Сіздің балаңыз психологиялық стрессті бастан кешіріп жатқанын қалай білуге болады?»	жадынама	ақпан	1-11	психолог
11.	«Балаңызды бақылап жүрсіз бе?»	сауалнама	наурыз-сәуір	Ата аналар	психолог
12.	«Оқушыларды жәбірлеуге жол жоқ!»	Түсінік жұмыстары	Мамыр	1-11	психолог

Педагог психологтар:  Мұхамадиярова М.М
 Әріпова Р.К